

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 21 қаңтар N 55. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.06.15. N 759 қаулысымен. ~P990759

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы және Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы" 1992 жылғы 15 мамырдағы N 779 U920779_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы (бұдан әрі - Ядролық орталық) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты кешенді ғылым-техникалық бірлестік болып табылады деп белгіленсін. <*>

Ядролық орталық өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдары негізінде және Қазақстан Республикасы Ғылым министрі-Ғылым академиясының президенті бекітетін Орталық туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Ядролық орталықтың дербес балансы мен есеп айырысу шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады. <*>

Ядролық орталыққа басшылық етуді Қазақстан Республикасы Ғылым министрі-Ғылым академиясының президенті тағайындайтын Орталықтың Бас директоры бастаған Бас дирекция жүзеге асырады. <*>

Ядролық орталықтың Бас дирекциясының орналасқан жері - Семей облысының Курчатов қаласы деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.28.

N 1668 қаулысымен. P961668_

2. Ядролық орталыққа:

Қазақстан Республикасының атом ғылымы мен техникасы саласындағы босалқы ұйымның міндеттері;

радиациялық қауіпсіздік пен экология жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
республика аумағындағы өндірістік қызмет нәтижесінде ядролық жарылыстар мен айналадағы ортаны радиациялық ластаудың зардаптарын зерделеу мен жою;

радиоактивті қалдықтардың проблемаларын зерттеу, оларды кәдеге жарату, сақтау және көму технологиясын әзірлеу;

ядролық энергетика қондырғыларының сенімділігін арттыру және атом энергетикасының хауіпсіздігі проблемаларын зерттеу;

Қазақстан Республикасының ғылымы мен халық шаруашылығының мүддесі үшін ядролық-физикалық әдістер мен ядролық технологияларды әзірлеп, іс жүзіне асыру;

басқа елдердің полигондарында ядролық қаруды сынауға және рұқсат етілмеген ядролық жарылыстар жасалуын бақылауды жүзеге асыру;

ядролық физика мен атом энергетикасы саласында іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізу;

атом ғылымы мен өнеркәсібі саласында ұлттық кадрларды даярлау және олардың біліктілігін көтеру;

республика халқының атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы білім деңгейін көтеру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

ақпараттық-баспагерлік қызмет;

атом қуатын пайдалану саласында халықаралық және республикааралық ынтымақтастық орнату жүктелсін.

3. Ядролық орталық құрамына:

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігінің "Луч" ҒӨБ-нің Бірлескен экспедициясы;

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ядролық физика институты;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің "Байкал" кәсіпорны; "Бурабай" геофизикалық обсерваториясы;

Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің N 35 геофизикалық партиясы енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Орталық құрамына берілген ұйымдар мен бөлімшелердің мүлкін иелену, пайдалану және басқару хұқығын Ядролық орталыққа беру ұсынылсын.

4. Ядролық орталық Маңғыстау энергия комбинатының БН-350 реакторының бөлімшелеріне және Қазақстан Республикасындағы ядролық бағыттағы басқа да ғылыми-зерттеу бөлімшелеріне, олардың ведомстволық бағынысына қарамастан, атом энергетикасы жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындау шегінде ғылыми басшылық етуді жүзеге асырады деп белгіленсін.

5. N 52605 әскери бөлімі негізінде Қорғаныс бағдарламаларының ғылыми-зерттеу кешенін құрып, оны Ядролық орталықтың құрамына енгізу орынды болады деп саналсын.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ғылым және жаңа

технология министрлігі мүдделі ұйымдармен бірлесіп N 52605 әскери бөлімінің мәртебесі туралы мәселені Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында тиісінше келісім жасау негізінде шешетін болсын.

6. <*>

6. Ядролық орталықты қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен, шетелдік әріптестердің инвестицияларынан, халықаралық қорлардан және орталықтың әзірлемелерін өткізуден алынған өз қаржысынан жүргізіледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі 1993 жылдан бастап Ядролық орталық ғылымға арналып республикалық бюджет қаражаты есебіне, атом энергетикасы жөніндегі мемлекеттік мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау үшін қажетті мөлшерде мақсатты қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігімен, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қарағанды, Павлодар және Семей облыстарының әкімдерімен бірлесіп бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағында орналасқан пайдалы қазбалар кен орындары әзірлемелерін белгіленген тәртіппен Ядролық орталыққа беру және атом энергетикасын дамыту мен аймақты әлеуметтік-экономикалық оңалтуға бағытталған ірі ауқымды өнеркәсіптік-қаржы қызметін жүзеге асыру үшін акционерлік компания құру туралы ұсынысты екі айлық мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізу тапсырылсын.

9. <*>

8. Курчатов қаласында 10 жылдан астам жұмыс істегеннен кейін Қазақстан Республикасының басқа қалалары мен елді мекендеріне тұрақты тұруға тілек білдірген Ядролық орталықтың қызметкерлеріне, сондай-ақ запасқа шыққан әскери қызметшілерге жеке құрылыс салуға арналған учаскелерді жергілікті әкімдер бірінші кезектегі тәртіппен береді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісіне 1993 жылдан бастап жеке құрылыс салуға немесе тұрғын үй сатып алуға 100 млн. сомасында жеңілдетілген кредит бөлу ұсынылсын.

11. <*>

12. <*>

ЕСКЕРТУ. 6,9,11,12-тармақтардың күші жойылған, 7,8,10,13,14,15, 16,17,18,19,20-тармақтар тиісінше 6,7,8,9,10,11,12,13, 14,15,16-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1996.12.28. N 1668 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Қорғаныс министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Ядролық орталықтың Бас дирекциясымен, Семей облысының әкімімен бірлесіп Курчатов қаласының тұрғын үй аймағының режимділігін алып, өнеркәсіп аймағын мемлекеттік және коммерциялық құпияларын қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысты бір ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

10. Ядролық орталықты түрлі бейімдегі жоғары білікті мамандармен жасақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Ғылым және жаңа технология министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Ядролық орталық Ғылым академиясымен бірлесіп, Ядролық орталық құрамында Қазақ инженерлік-физикалық институтын ұйымдастыру туралы мәселені екі айлық мерзімде қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

11. Ядролық орталық Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігімен, Ғылым және жаңа технология министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Ғылым академиясымен, республиканың басқа да мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесіп:

Қазақстан Республикасының Ядролық орталығы туралы ереженің жобасын; Курчатов қаласы мен Алматы қаласындағы Фрунзе ауданының Алатау поселкесі негізінде еркін экономикалық аймақ мәртебесін қоса, технополистер ұйымдастыру жөніндегі ұсынысты екі айлық мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

12. Ядролық орталық Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, Семей, Павлодар және Қарағанды облыстары әкімдерінің келісуі бойынша бұрынғы Семей полигонының аумағында Курчатов қаласының және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасына сәйкес қаланың шегіне тұрғын үйлер мен техникалық аймақ, объектіаралық байланыс коммуникациялар, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері, күзет және санитарлық аймақтары бар жерді енгізе отырып Ядролық орталықтың қызметіне байланысты оған іргелес аумақтардың шекарасын анықтау, сондай-ақ Курчатов қаласының мәртебесі туралы ұсыныстарды екі айлық мерзімде әзірлесін және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізетін болсын.

13. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Ғылым және жаңа технология министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Ядролық орталықпен, Семей облысының әкімімен бірлесіп, Ядролық орталық құрамында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің N 176

медициналық-санитарлық бөлімінің және N 52605 әскери бөлімнің әскери госпиталы негізінде Аймақтық емдеу-диагностика орталығын құру туралы ұсынысты екі айлық мерзімде қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

14. Ядролық орталыққа қызмет бабында пайдалану үшін екі

жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

15. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі тікелей шарт бойынша Ядролық орталықты қажетті телефон, телеграф және телекс байланысымен қамтамасыз етсін.

16. Республикалық валюта комитеті Ядролық орталықтың құзырына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін қажетті валюта қаржысы бөлінуін көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі